

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің N 1 аймақаралық салық комитеті" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 қаңтардағы N 114 Қаулысы. Қаулының 1-тармағын қоспағанда күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі 387 қаулысымен

Ескерту. Қаулының 1-тармағын қоспағанда күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.04.24 N 387 (қолданысқа енгізілу тәртібін 10-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 15-бабына сәйкес және кең таралған пайдалы қазбалар мен жер асты суларын қоспағанда, пайдалы қазбаларды өндіру, қайта өңдеу және сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға салықтық әкімшілік жүргізуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.03 N 101 қаулысымен.

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің аумақтық органдары қызметкерлерінің бекітілген штат саны лимиттері шегінде "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің N 1 аймақаралық салық комитеті" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Аймақаралық комитет) құрылсын.

2-3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.04.24 N 387 (қолданысқа енгізілу тәртібін 10-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.29 N 1127 қаулысымен.**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі